

№3-педагогикалық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

29 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (МДҰ меңгерушісі).
2. 2026жылғы балабақшада өткізілетін мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша 2023-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізу үшін комиссия құру
3. Кітап бұрышының жабдықталу сапасы
4. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру
5. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талқылау

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысына қысқаша тоқталып өтті. Педагогтер әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыс істеуде.

Шешім: 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық

Жауапты: балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова.

Екінші мәселе бойынша А.Б.Султанова - меңгерушісі: Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне 2023-2026 оқу жылдарына өзін –өзі бағалау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін – өзі бағалау материалдарын жыл сайын сайтқа ұсынылып отыратынын айтты. Өзін – өзі бағалау білімді, білік пен дағдыларды бақылау жұмыстарын зерделеуде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде Бөбекжайда өзін –өзі бағалауды жүргізу үшін 5 адамнан кем емес құрамда аттестаттау комиссиясы құрылуы керек. Комиссия мүшелері 2023-2026 оқу жылдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін –өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін – өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» пайдалана отырып жүргізеді деді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова топтарда балаларға күнделікті кітап оқу, тындаған ерегілерінен әсер алуына ықпал, балалардың жасына сәйкес өлеңдер жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың пікірін тындау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау қажет. Ол үшін әр жас тобына да балаларға арналған кітаптар бұрышы ұйымдастырылу керектігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова серуенді ұйымдастыру – балалар мен ересектердің денсаулығын нығайтуға, табиғатпен байланысын арттыруға және танымдық көзқарасын кеңейтуге бағытталған маңызды процес. Серуеннің негізгі кезеңдері Бақылау, Қозғалыс ойындары, еңбек әрекеті, дербес ойындар, ауа райын ескеру, мақсат қою, қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Жауапты: У.М.Гумарова балабақшасының әдіскері.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талқылау – балабақшадағы педагогикалық үдерісті жетілдіру, тәжірибе алмастыру және әдістемелік шеберлікті арттыру мақсатында өткізілетін маңызды процес. Әдетте ол ашық оқы қызметінен кейін ұйымдастырылып, сабақтың құрылымы, мақсаты және нәтижесі жан-жақты сараланады. Талқылау кезінде тәрбиешілердің шеберлігі мен балалардың белсенділігіне баса назар аударылады. Қойылған мақсат пен міндеттердің нақтылығы және оларға қол жеткізу, балалардың жас ерекшелігіне сай ойындар, көрнекіліктер, баланың қызығушылығы мен кері байланысы. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті талдау педагогтардың сапаны арттыруға және баланың даму ортасын жақсартуға көмектеседі.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Әр топ тәрбиешілері кітап бұрышын өз топ балаларының жасына сай жабдықтау.

Жауаптылар: директор, әдіскер.

2. Өзін – өзі бағалау үшін комиссия мүшелеріне төмендегідей педагогтар ұсынылды:

У.М.Гумарова «Inayat» жеке балабақшасы әдіскері - комиссия мүшесі

У.Ш.Ниязова «Inayat» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

А.Ж.Хабиева «Inayat» жеке балабақшасы педагог-психолог комиссия мүшесі

А.М.Жолдыбай «Inayat» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

М.Ж.Куспанова «Inayat» жеке балабақшасы есепшісі - комиссия мүшесі

3. Серуенді іске асыру және ұйымдастыру құрылымдық кезеңдерін қатаң сақтау, балалардың жас ерекшелігіне сай белсені ойын ұйымдастыру және қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттік уақытылы өтуін бақылауға алу.

Жауаптылар: әдіскер

Төраға А.Б.Султанова
Хатшы У.М.Гумарова

